

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

1. Сейсенұлы Д. Шәкәрім: ғұмырнамалық деректі хикаят. - Алматы: Қазақстан, 2009. - 256 б.
2. Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрім әлемі. - Алматы: Раритет, 2008. - 408 б.
3. Есім Ғ. Ғұлама - наме: трилогия: Хакім Абай. Данышпан Шәкәрім. Кемеңгер Мұхтар. - Астана: Хас-Сақ-2016, 2019. – 628 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том: XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900-1917) / жалпы ред. бас. А. Егеубаев, Ж. Ысмағұлов. - Алматы: ҚазАқпарат, 2006. - 610 б.
5. Нысанова С. Қ. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі: тарих ғылымд. канд. дис. автореф. / Ш.Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты. - Алматы, 2008. - 24б.
6. Ыдырысов Қ. Сералин М. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары және аудармалары. - Астана : Аударма, 2002. - 334 б.
7. Кенжебаев Б. Журналист Мұхаметжан Сералин. - Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. - 36 б.
8. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. - Алматы: Атамұра, 2008. – 335 б.

ӘОЖ 17.14.9

А. Байтұрсынұлы мысалдарының ғибраты

Ахметкереева Гүлдара Аликқызы, Жұмадин Ұлдана Қуатбекқызы
uldana.zhumadin@icloud.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
 1-курс студенттері, Астана, Қазақстан
 Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ. М

Мысал - өмір шындығын тұспалдап, астарлап беретін жанр. Мысал қоғамдағы, айналадағы келеңсіздікті тауып, сюжетіне арқау етеді, әлеуметтік өмірдің шындығы ашылады. Қазақ әдебиеті тарихында маңызды мұра қалдырған А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағы арқылы қазақ қоғамында белең алған өткір мәселелерді арқау етті. Әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен орыс ақыны И.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырды.

Жинаққа енген мысалдардың көлемі шағын, ғибраты терең. Қызықты оқиғаларды арқау еткен мысалдарды қазақшаға аударған А.Байтұрсынұлы оның мән-мазмұнын тереңдетті. Сол арқылы қазақ қоғамында өзекті болып тұрған мәселелерді ишаралай жеткізді. Мәселен, «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында бір жүкті аққу көкке, шаян кейінге, шортан суға тартып, орнынан қозғалта алмайды. Үшеуінде ынтымақ пен бірлік секілді қасиеттердің болмауы кесірінен, жеңіл жүк олар қанша машаққаттанса да сол күйі қала берді.

«Тартса да бар күштерін аямай-ақ, Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр, Бірыңғай бәрі тегіс тартпаған соң» [1, 22]. Яғни үшеуінің ынтымағы болмағандықтан, жеңіл жүктің өзін қозғалта алмайды. Себебі, үшеуі үш жаққа тартып, күштерін ортақ мақсатқа біріктіре алмайды.

Мысал – аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік тағы басқалары мысалда бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемеж, мысқыл да мысал жанрында көрінеді [2, 110].

«Егіннің бастары» мысалының басты идеясы – тәкәппарлық қасиетті сынау. Мысал әкесі мен баласының егін бастарына келуінен басталады:

Бір адам жас баласын жанына алды,
 Екеуі сайран егіп кетіп қалды.
 Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,

Егінші егін еккен жерге барды [1, 121].

Одан әрі егіннің пісіп-жетілгенін, қаншама бидайдың төменге иіліп тұрғанын көреді. Тек жалғыз бидай ғана басын көкке көтеріп алған:

Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.
Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:
«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.
Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?» -

деп баласы көрген көрінісіне таң қалып, әкесінен түсіндіріп беруін сұрайды [1, 122]. Егін пісіп жеткен уақытта неліктен бір бидай ғана солай тұрғанын білгісі келеді. Әкесі сонда былай жауап береді:

Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Сұқтанба құр сорайған қарасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.
Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,

Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр, - деп әрі қарай бидайлардың неліктен олай тұрғанын түсіндіреді [1, 229]. Басы иіліп тұрған бидайлар дәнге толы, піскен болса, көкке қарап тұрған бидай әуел бастан бидайсыз қалғанын айтады. Сондықтан басын жеңіл көтеріп, жоғарыға көз тастап тұр.

Мысал соңында мынадай қорытынды беріледі:

Елде көп бұл бидайдай адам, - дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам, - дейді [1, 232].

Бұдан шығатын түйін: тәкаппарлық қасиеттің жағымсыздығы, одан аулақ жүру. Мысалдың ғибраты терең. Халқымыз ұрпағына кішілікті, сыпайылықты үйреткен. «Ұлық болсаң – кішік бол» деп ұлағаттаған. Мінездің ұнамдысын ғибраттаған ұлтымыздың бұл қасиеті күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Академик З. Қабдолов мысал жанры жөнінде мынадай пікір айтады: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келеккеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді [3, 22]. А.Байтұрсынұлы мысалдарды аударып отырып, оның мәнін қазақ ұғымына, танымына неғұрлым жақын болуын көздеген. Етекпен тартқан надандық, өзгені көзге ілмеу, көкірегін керген теріс мінездің жақсылығы болмайтыны белгілі.

Келесі «Шал мен жұмыскер» мысалы осы мінезді сынайды. Жанын ажалдан аман алып қалған жұмыскерге дауыс көтеріп, балағаттаған шал надандықтың зардабынан адамның жасаған жақсылығына қанағаттанбайды.

Сөз жаздым үгіт үшін бозбалаға,
Осындай елде оқиға аз ғана ма?
Қайырын наданға еткен – шашқан мүлкің,

Болады рәсуа құр далаға.
Құдайым, жолдас қылма жамандарға,
Көзі соқыр, көңілі тар надандарға.
Жақсылық етсең де бір, етпесең де,
Жақпайсың кей ақымақ адамдарға! [2, 217].

Онымен қоса «Шымшық пен көгершін», «Өгіз бен бақа», «Емен мен қамыс», «Қартайған арыстан» сынды әртүрлі тақырыптағы тәлім-тәрбие беретін мысалдары бар. Олардың түйінін «Әлін білмеген әлек», «Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан» дегендей мақал-мәтелдер арқылы береді. Ақын «Қырық мысал» жинағындағы аудармалары халықты бірлікке шақырып, адамзат баласына қарапайымдылық, кішіпейілділік, еңбекқорлық секілді рухани қасиеттерді сіңіруге үндейді. Қайсар азамат ақынның әр бір даналық ойы ұрпақ тәрбиесінде аталы сөздің айшықты өрнегіндей таңба қалдырды. Мұхтар Әуезовтің тұжырымымен айтқанда, «қазақ халқының құлағына алғаш рет төңкеріс рухында естілген бұл өлеңдер аз уақыттың ішінде қолдан-қолға тарап сол өңірдегі бұқара халықтың аузында Ахметтің атақ-даңқын асыра түседі» [4, 195].

«Қасқыр мен тырна» мысалында сүйекке қақалып өлгелі тұрған жерінен құтқарған тырнаға қасқыр алғыс айтудың орнына, бас салып, жемек болады. А. Байтұрсынұлы мысалды ұзақ кіріспеден бастайды. Қасқырдың тырнаға мақтау – монологін өз жанынан қосады. Мысал соңындағы:

Қиссасы Қасқыр, Тырна болды тамам,
Мінездес, қасқырменен кейбір адам.
Басына пәле түсіп, қысылғанда,
Жалынып-жалпаяды келіп саған...
Қайырды қарап істе адамына,
Қарайлас өзіңменен шамалыға
Қасқырдай қаражүрек залымдардың
Жүрмендер түсіп кетіп тамағына, – деген тұжырым жасайды [1, 221].

Қорытындылай келе, Ахметтің ақындығына бастау болған «Қырық мысалы» қоршаған ортадағы өсімдіктер мен жануарлар бейнесі арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, ынтымақта өмір сүруге шақырады. А.Байтұрсынов аудармашы ғана емес, ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушы да болды. Ақын мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық, мақтаншақтық, қайырымсыздық, төкаппарлық, күншілдік, зорлық, топастық, надандық, қулық, күндестік, үлкенді сыйламау, тойымсыздық, достықты қадірлемеу, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Кейбір мысалдарда тұтас халықтық әлеуметтік мәні бар тақырыптар - отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын мәселелер қозғалады. Ұлтының елдігі мен азаттығын арман еткен тұлға ұрпағына ұлт келешегінің салмақты жүгін арқалаған ғибрат қалдырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2013. – 384 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Өлке, 2002. - 312 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбай). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Әуезов М. Шығармалары. 14 том. – Алматы: Жазушы, 1982. – 385 б.

Қайым Мұхамедханов және Қазақ әдебиеті

Балтабекова Томирис

«Бизнес және сервис колледжі» КМҚК студенті